

«Астана LRT» ЖШС
Басқармасының 2018 жылғы
«25» шілдедегі № 14
шешімімен мақұлданды

«Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын
дамыту басқармасы» ММ
Жалғыз қатысушысының
2018 жылғы «10» қыркүйектегі
№ 17/18 шешімімен бекітілді

«АСТАНА LRT» ЖШС КОРПОРАТИВТІК ӘДЕП ҚАҒИДАЛАРЫ

Астана қ, 2018 жыл

Осы құжатты «Астана LRT» ЖШС рұқсатынсыз таралымға шығаруға және таратуға болмайды

МАЗМҰНЫ

1. Жалпы ережелер.....	4-5
2. Қолданылу саласы	5
3. Нормативтік сілтемелер	5
4. Корпоративтік әдептің құндылықтары мен қағидаттары	5-7
5. Жауапкершілік және корпоративтік қарым-қатынастардың әдеп нормалары	7-8
6. Сыртқы қарым-қатынастар	8-9
7. Мүдделер қақтығысына жол бермеу.....	9
8. Серіктестік жұмыскерлерінің құқықтарын қорғау.....	9
9. Қорытынды ережелер	9-10
10. 1-қосымша Танысу парағы.....	11
11. Келісу парағы.....	12

1. Жалпы ережелер

1) «Астана LRT» ЖШС корпоративтік әдеп қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы заңнамасының нормалары мен әдеп нормаларын ұстану негізінде корпоративтік мәдениетті дамыту жөніндегі негізгі ішкі нормативтік құжат бола отырып, «Астана LRT» ЖШС (бұдан әрі – Серіктестік) жұмыскерлерінің құндылықтарын, қағидалары мен мінез-құлық нормаларын айқындайды.

2) Серіктестіктің басқармасы осы Қағидалардың талаптарын өзектендіру мақсатында үш жылда бір рет қайта қарайды және қажет болған жағдайда оған өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізеді.

3) осы Қағидалардың мақсаты Серіктестікте корпоративтік мәдениетті дамыту және жалпы қабылданған стандарттар мен корпоративтік мінез-құлық нормаларын қолдану арқылы жұмыскерлермен, клиенттермен, өнім берушілермен, іскер әріптестермен, мүдделі тұлғалармен және уәкілетті мемлекеттік органдармен және ұйымдармен өзара іс-қимыл жасауға жәрдемдесу болып табылады.

4) Осы Қағидалар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Серіктестіктің ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес әзірленді.

5) осы Қағидаларда пайдаланылатын негізгі ұғымдар мен қысқартулар:

б) Серіктестіктің активтері – ақшаны не бағалы қағаздарды, заттарды, жабдықты, бағдарламалық қамтамасыз етуді, деректерді, патенттерді және зияткерлік меншік объектілеріне өзге де құқықтарды қамтуы мүмкін кез келген қаржылық, материалдық, материалдық емес және басқа да активтер;

7) лауазымды адам – Серіктестік Басқармасының мүшесі;

8) жұмыскер – Серіктестікпен еңбек шарты талаптарында еңбек қатынастарында тұрған адам;

9) мүдделі тұлға – құқықтарын іске асыру Серіктестік қызметімен байланысты заңды не жеке тұлға;

10) жақын туыс – ата-аналар (ата-ана), балалар, асырап алушылар, асырап алынғандар, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілер мен апа-сіңлілер (әкесі немесе анасы бір), атасы, әжесі, немерелер;

11) жекжат – жұбайының (зайыбының) ағасы, әпкесі, ата-анасы (ата-анасы) және балалары.

12) жалғыз қатысушы – «Астана қаласының Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы» ММ;

13) Кадр жұмысы қызметі – Серіктестіктің персоналды басқаруға жауапты құрылымдық бөлімшесі;

14) корпоративтік әдеп – Серіктестік, оның лауазымды адамдары мен жұмыскерлері өз қызметінде басшылыққа алатын іскерлік қарым-қатынастың әдеп қағидааттары мен нормаларының жиынтығы;

15) корпоративтік мәдениет – Серіктестіктің құндылықтарының, стандарттары мен әдеп нормаларының жиынтығы;

16) жанжал – адамдардың қарама-қарсы бағытталған мақсаттарының,

мүдделерінің, пікірлерінің немесе көзқарастарының қақтығысы;

17) мүдделер қақтығысы – Серіктестік жұмыскерінің жеке мүдделері оның өз лауазымдық өкілеттіктерін тиісінше орындамауына әкеп соғуы мүмкін жағдай.

2. Қолданылу саласы

6. Осы Қағидалар Серіктестіктің барлық лауазымды адамдары мен жұмыскерлеріне қолданылады.

7. Серіктестіктің лауазымды адамдары мен жұмыскерлері іскерлік шешімдер қабылдау үшін де, күнделікті жағдайларда да өзара, мемлекеттік органдармен, мүдделі ұйымдармен және тұлғалармен өзара қарым-қатынаста осы Қағидалардың ережелерін қабылдап, ұстанады.

8. Серіктестіктің лауазымды адамдары мен жұмыскерлерінің осы Қағидалардың ережелерімен келісуі мен түсінуі осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес танысу парағында олардың жеке қолымен көрсетіледі.

3. Нормативтік сілтемелер

9. Осы Қағидаларда мынадай нормативтік құжаттарға сілтемелер пайдаланылды:

1) «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы Заңы;

2) Астана қаласы әкімдігінің 2011 жылғы 26 сәуірдегі № 16-347қ қаулысымен бекітілген «Астана LRT» ЖШС Жарғысы;

3) Жалғыз қатысушының 2018 жылғы 31 қаңтардағы № 6/18 шешімімен бекітілген Серіктестіктің ішкі еңбек тәртібі қағидалары.

4. Корпоративтік әдептің құндылықтары мен қағидааттары

10. Серіктестіктің қызметі қалыптасатын негізгі корпоративтік құндылықтар:

- 1) адалдық;
- 2) құрмет;
- 3) түсіну;
- 4) әділеттілік;
- 5) ашықтық;
- 6) кәсібилік;
- 7) өзара көмек;
- 8) жауапкершілік.

11. Серіктестіктің лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлері өз қызметін жүзеге асыру кезінде:

1) Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын сақтауға, Жалғыз қатысушының, уәкілетті мемлекеттік органдардың шешімдерін, Серіктестік Жарғысының талаптарын және Серіктестік қызметіне қатысты өзге де құжаттарды орындауға;

2) әділ және адал әрекет етуге, жанжалдарды болдырмай, кәсіби

функцияларды орындауға, өз жұмысына деген көзқарасымен және мінез-құлқымен ұжымда жағымды моральдық-психологиялық ахуал мен Серіктестіктің корпоративтік рухын қалыптастыруға ықпал етуге;

3) Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес, тегіне, әлеуметтік, лауазымдық жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, діни және өзге де нанымдарына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген басқа да мән-жайлар бойынша кемсітушілік көріністеріне жол бермей, әріптестері мен басқа да адамдардың ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге, сыпайы және әдепті болуға;

4) ұятсыз, дөрекі, дөрекі, агрессивті немесе қорлайтын сөздерге, ишараттар мен мінез-құлық түрлеріне жол бермеуге. Әріптестердің жеке немесе кәсіби қасиеттерін олар болмаған кезде талқыламауға;

5) Серіктестіктің мүдделерін білдіруге және қорғауға, Серіктестіктің мақсаттарына қол жеткізуге өзінің еңбек үлесін қосуға, өз жұмысының сапасы мен нәтижелері үшін дербес жауапты болуға;

6) «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы Заңының талаптарын бұзбауға, өз функцияларын жүзеге асыру кезінде қандай да бір түрде заңсыз пара, сыйақылар, өзге де игіліктер мен артықшылықтар қабылдауға, коммерциялық пара беру объектісіне айналмауға;

7) беделі күмәнді заңды және жеке тұлғалармен ынтымақтастықтан бас тартуға;

8) Жалғыз қатысушымен, мемлекеттік органдармен, мүдделі ұйымдармен, клиенттермен, серіктестермен, өнім берушілермен және өзге де тұлғалармен жұмыс істеу кезінде мүдделер қақтығысына жол бермеуге;

9) қызметтік субординацияны сақтауға, Серіктестіктің ішкі еңбек тәртібіне сәйкес ресми, ұстамдылық пен ұқыптылықпен ерекшеленетін еңбек міндеттерін орындау кезеңінде телефонмен сөйлесу мәдениетін, іскерлік киім стилін сақтауға, спорттық стильдегі киім мен аяқ киімді киюге болмайды, жұма күндері қара және сұр түсті классикалық джинсы шалбар киюге рұқсат етіледі, жекелеген жұмыскерлер бекітілген нысанды киім үлгісін киюге міндетті;

10) әріптестеріне және жаңадан қабылданған жұмыскерлерге өз жұмысының оң тәжірибесін және алған білімдерін беруге міндетті.

12. Серіктестік жұмыскерлердің еңбек қауіпсіздігі мен еңбегін қорғауды қамтамасыз ету үшін барлық шараларды қабылдауға ұмтылады. Серіктестіктің лауазымды адамдары мен жұмыскерлері Серіктестіктің денсаулықты, еңбекті, қоршаған ортаны қорғау, қауіпсіздік пен әлеуметтік жауапкершілік саласындағы талаптарын сақтауға және лауазымдық міндеттерін орындау кезінде еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі нормаларды, қағидалар мен нұсқаулықтарды сақтауға жеке жауапты болуға тиіс.

13. Кадр жұмысы қызметі Серіктестіктегі корпоративтік мәдениеттің жай-күйі және лауазымды адамдары мен жұмыскерлерінің корпоративтік әдеп деңгейі тақырыбында жыл сайын сауалнама жүргізуді жүзеге асырады.

5. Жауапкершілік және корпоративтік қарым-қатынастардың әдеп нормалары

14. Серіктестіктің лауазымды адамдары мен жұмыскерлері лауазымдық міндеттерін атқару кезінде, ең алдымен, жеке қатынастарды немесе жеке пайданы емес, Серіктестіктің мүдделерін басшылыққа алуы тиіс.

15. Жұмысқа қабылдау кезінде Серіктестік біліктілігі мен жұмыс тәжірибесі жоғары үміткерлерге артықшылық бере отырып, Қазақстан Республикасының заңнамасын, лауазымдық нұсқаулықтардың талаптарын және Серіктестіктің өзге де ішкі нормативтік құжаттарын басшылыққа алады.

Мүдделер қақтығысын болдырмау үшін Серіктестік жақын туыстардың, жұбайлар мен жекжаттардың тікелей бағыныста/Серіктестіктің бір құрылымдық бөлімшесінде бірге қызмет етуіне (жұмыс істеуіне) жол бермейді және мұндай үміткерлерге жұмысқа орналасу кезінде бас тарту, осы факт анықталған жағдайда жұмыскерді басқа лауазымға ауыстыру/жұмыскермен еңбек шартын бұзу құқығын өзіне қалдырады.

16. Серіктестіктің лауазымды адамдары мен жұмыскерлері өздерінің функционалдық міндеттерін орындағаны үшін жеке тұлғалар мен заңды тұлғалардан ақшалай қаражат, материалдық құндылықтар, көрсетілетін қызметтер және материалдық көтермелеудің өзге де нысандары түрінде сыйақы қабылдауға құқылы емес.

17. Серіктестіктің лауазымды адамдары мен жұмыскерлері Серіктестіктің активтеріне ұқыпты қарауға, Серіктестіктің құқықтары мен заңды мүдделерін қылмыстық қол сұғушылықтардан, сондай-ақ заңсыз әрекеттердің және сенім мен өкілеттіктерді теріс пайдалану, ұрлау, иемдену немесе жымқыру және өзге де заңсыз әрекеттер салдарынан құнсыздану, кему, бүліну және жоюдан қорғау барлық ықтимал күш-жігерді жұмсауға міндетті.

18. Серіктестіктің лауазымды адамдары мен жұмыскерлеріне коммерциялық, қызметтік және заңнамамен қорғалатын өзге де құпияны жария етуге, қызметтік ақпаратты жеке мақсатта пайдалануға, сондай-ақ Серіктестіктің ішкі нормативтік құжаттарында, лауазымдық нұсқаулықтарда және еңбек шартында көзделген өзге де талаптарды бұзуға тыйым салынады.

19. Ақпараттың құпиялылығын сақтау қағидаларын бұзу және жүйелер мен құрылғылардың қауіпсіздігін бұзу туралы ақпарат алған кезде жұмыскер бұл факт туралы тікелей басшысына, Серіктестіктің жетекшілік ететін басшысына және қауіпсіздік департаментінің директорына дереу хабарлауы қажет.

20. Серіктестіктің лауазымды адамдарының сыбайлас жемқорлық сипатындағы іс-әрекеттерді жасауы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіптік, әкімшілік және қылмыстық жауаптылыққа әкеп соғады.

21. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шарасы ретінде Серіктестіктің лауазымды адамдары мен жұмыскерлері өз басшылығына және/немесе Серіктестіктің қауіпсіздік департаментінің директорына, Кадр жұмысы қызметіне өздеріне белгілі болған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жағдайлары туралы хабарлауы тиіс. Мұндай жағдайларда

Серіктестік жұмыскерлеріне құпиялылық кепілдіктері және жұмыс орнын сақтауды қоса алғанда, құқықтар мен мүдделердің негізсіз қысымынан қорғау беріледі.

6. Сыртқы қарым-қатынастар

22. Мемлекеттік органдармен және мүдделі ұйымдармен өзара қарым-қатынаста Серіктестіктің лауазымды адамдары мен жұмыскерлері сыбайлас жемқорлық және басқа да құқыққа қайшы әрекеттердің туындау мүмкіндігін болдырмау бойынша барлық күш-жігерін салады.

23. Серіктестіктің Жалғыз қатысушымен өзара қарым-қатынасы Қазақстан Республикасының заңнамасына, Серіктестік жарғысына және Серіктестіктің ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес ашықтық, есептілік және жауапкершілік қағидаттарына негізделген.

24. Клиенттермен, серіктестермен, өнім берушілермен және өзге де тұлғалармен өзара қарым-қатынаста Серіктестіктің лауазымды адамдары мен жұмыскерлері:

1) өз міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз етеді және өз серіктестерінен міндеттемелердің іске асырылуын күтеді;

2) сыйластыққа, сенімге және әділдікке негізделген өзара тиімді және ұзақ мерзімді ынтымақтастыққа ұмтылады;

3) Серіктестікке деген сенімді нығайтуға және оның оң имиджін қалыптастыруға ықпал етеді.

25. Серіктестіктің лауазымды адамдары мен жұмыскерлері жұртшылықпен, бұқаралық ақпарат құралдарымен қарым-қатынаста жоғары этикалық стандарттарға ұмтылады және өзінің ақпараттық, жарнамалық немесе жұртшылықпен байланыс жөніндегі басқа да материалдарында дұрыс емес ақпараттың таралуына жол бермейді.

7. Мүдделер қақтығысына жол бермеу

26) Лауазымды адамның немесе жұмыскердің Серіктестіктен тыс жеке өзара қарым-қатынасы немесе қызметі немесе олардың басқа ұйыммен байланысты мүддесі Серіктестіктің лауазымды адамының немесе жұмыскерінің қабылданатын шешімдеріне әсер еткен жағдайда мүдделер қақтығысы туындауы мүмкін.

27) Мүдделер қақтығысын болдырмау мақсатында Серіктестіктің лауазымды адамдары мен жұмыскерлері:

28) тікелей немесе жанама түрде мүдделер қақтығысын тудыруы мүмкін қандай да бір іс-әрекеттер мен өзара қарым-қатынастардан аулақ болуы;

29) олардың жеке мүдделеріне әсер ететін немесе әсер етуі мүмкін шешімдер қабылдаудан немесе басқа әрекеттерді жүзеге асырудан бас тартуы;

30) тікелей басшыны, жетекшілік ететін басшыны және кадр жұмысы қызметін және басқа ұйымдарда жұмыс істейтіні және/немесе лауазым атқаратыны туралы уақтылы хабардар етуі тиіс.

8. Серіктестік жұмыскерлерінің құқықтарын қорғау

28. Серіктестіктің әрбір лауазымды адамы мен жұмыскері:

- 1) еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауға;
- 2) Серіктестік алдындағы өз еңбегінің танылуы және бағалануына;
- 3) Серіктестік ішінде кәсіби өсуге;
- 4) өз жұмысының сапасы мен тиімділігін сындарлы талқылауға;
- 5) Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына және еңбек шартына

сәйкес өзге де құқықтарға құқылы.

29. Серіктестіктің лауазымды адамдары мен жұмыскерлерінің құқықтарының бұзылуына әкелетін кез келген жағдай Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларына және Серіктестіктің ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес қаралуы тиіс.

9. Қорытынды ережелер

30. Осы Қағидалармен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасымен, еңбек шартымен, Серіктестіктің Жарғысымен және Серіктестіктің өзге де ішкі актілерімен реттеледі.

31. Осы қағидалар Серіктестіктің Жалғыз қатысушысы бекіткен күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

32. Осы Қағидаларға өзгерістер мен толықтырулар кейіннен өзгерістер мен толықтыруларды тіркеу парағында көрсетіле отырып, Серіктестік Басқармасының және Серіктестіктің Жалғыз қатысушысының шешімдерімен енгізіледі.

33. Серіктестіктің барлық жұмыскерлерін осы Қағидалармен таныстыру осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес танысу парағына сәйкес жүргізіледі.

34. Кадр жұмысы қызметі Серіктестіктің лауазымды адамдары мен жұмыскерлерін осы Қағидалармен, сондай-ақ осы Қағидаларға өзгерістермен және толықтырулармен таныстыруға жауапты болады.

35. Кадр жұмысы қызметі Қауіпсіздік департаментімен бірлесіп, осы Қағидалардың ережелерін бұзу туралы мәліметтерді құпия қарау мен жинауға жауапты.

36. Серіктестіктің әрбір жұмыскері осы Қағидаларды сақтамағаны немесе тиісінше сақтамағаны үшін дербес жауапты болады.

37. Осы Қағидалардың нормаларын бұзу әкімшілік және қылмыстық бұзушылықтарды қоспағанда, заңнамада белгіленген тәртіппен тәртіптік жауаптылыққа әкеп соғады.

Корпоративтік әдеп қағидаларына келісу парағы:

Төраға орынбасары – Басқарма мүшесі

_____ Ж. Коцанова

Басқарушы директор

_____ А. Жарболов

Заң департаментінің директоры

_____ Ш. Манкешов

Кеңесші

_____ Е. Диханбаев

Қауіпсіздік департаменті директорының м.а.

_____ Т. Нургалиев

Бас бухгалтер

_____ Р. Хасенова

Аудитор

_____ Е. Гончарук

Кадр жұмысы қызметінің басшысы

_____ С. Медетбекова

**«Астана LRT» ЖШС Жалғыз қатысушысының 2018 жылғы « »
№ шешімі**

«Астана LRT» ЖШС корпоративтік әдеп қағидаларын бекіту туралы

«Астана LRT» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Жалғыз қатысушысы атынан «Астана қаласының Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы» ММ (бұдан әрі – Басқарма) басшысы Қарағойшин Асхат Жиенбайұлы «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасының Заңын, Астана қаласы әкімдігінің 2018 жылғы 19 қыркүйектегі №503-1615 қаулысымен бекітілген «Астана LRT» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі – Серіктестік) Жарғысының 37-тармағының б) тармақшасын, Басқарма ережесін басшылыққа ала отырып, **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. «Астана LRT» ЖШС корпоративтік әдеп қағидалары қосымшаға сәйкес бекітілсін.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы шешім қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қосымша: «Астана LRT» ЖШС корпоративтік әдеп қағидалары 5 парақта.

«Астана LRT» ЖШС Жалғыз қатысушысы

**«Астана қаласының Көлік және
жол-көлік инфрақұрылымын
дамыту басқармасы» ММ басшысы**

А. Қарағойшин